



ҚОРҒАНЫШ ЖҮЙЕЛЕРІН АЖЫРАТУ



Критикалық қауіпсіздік шаралары қызметкердің өліміне немесе ауыр зардаптармен жарақат алуына және басқа да ірі аварияларға әкеп соғуы мүмкін оқиғалардың алдын алуға арналған жабдықтарды қамтиды.



ҚОРҒАЙТЫН ЖАБДЫҚТЫ БҰҒАТТАУ НЕМЕСЕ АЖЫРАТУ АЛДЫНДА РҰҚСАТ АЛУ ҚАЖЕТ




Мен орындалатын тапсырмаға қатысты қауіпсіздік үшін маңызды жабдықтар мен процедураларды қолданамын



Мен:

- қорғау жабдығын бұғаттау немесе ажырату
- белгіленген рәсімдерден ауытқу
- қорғайтын қоршауды кесіп өту алдында рұқсат аламын



- Жабдықтың осы түрі үшін белгіленген қауіпсіздік нормаларына сәйкес келмейтін, тиісті техникалық паспорттар (сертификаттар) болмаған кезде, жұмыс орындарында жұмыскерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ескерту белгілері болмағанда және қоршау немесе қорғау құрылғылары болмаған кезде жабдықпен жұмыс істеуге кіріспеңіз



ҚАҒИДА
2

ТҰЙЫҚ КЕҢІСТІКТЕ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ



Тұйық кеңістік - бұл барлық жағынан шектелген кеңістік, кіру және шығу қиын немесе шектеулі және олар арқылы жылдам өтуге кедергі келтіреді кеңістік.



ТҰЙЫҚ КЕҢІСТІККЕ КІРЕР АЛДЫНДА РҰҚСАТ АЛЫҢЫЗ



Мен қуат көздерінің оқшауланғанын растаймын



Мен тұйық кеңістіктегі атмосфера тексеріліп, бақылатындығын растаймын



Қажет болған жағдайда тыныс алу аппаратын тексеріп, қолданамын




Мен жұмысты орындағанда көмекші-кезекшінің қатысатынын растаймын



Мен төтенше жағдайдағы іс-қимыл жоспарының бар екендігін растаймын



Мен кірер алдында рұқсат аламын



- Апаттық жағдай немесе өрт туындаған жағдайда іс-қимылдарды алдын ала анықтамай, сондай-ақ барлық қажетті ресурстармен жабдықталмай жұмысқа кіріспеңіз
- Наряд-рұқсатты ресімдемей, жабық кеңістікте жұмыстар жүргізуге тыйым салынады!



КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ҚАУІПСІЗ ЖҮРГІЗУ



Жүргізуші мен жолаушылар бір-бірінің қауіпсіздігі үшін жауап беруі керек, соның ішінде барлық жолаушылардың қауіпсіздік белдіктерін тағып бекітілгеніне көз жеткізуі керек.



ҚАУІПСІЗ ЖҮРГІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫН САҚТАҢЫЗ



Мен әрқашан қауіпсіздік белдігін тағып аламын



Мен белгіленген жылдамдық шегінен аспаймын және оны жол жағдайларына сәйкес азайтамын




Мен көлік жүргізгенде телефондарды немесе басқа құрылғыларды пайдаланбаймын



Мен жолға шығар алдында демалып алдым және көлік жүргізгенде мүмкіндігінше мұқият боламын



Мен жол қозғалысы ережелерін және сапарларды басқару талаптарын сақтаймын



- Өзіне және басқа адамдарға қауіпсіздікті бұза отырып, сондай-ақ жол берілмейтін қауіппен байланысты міндеттерді орындауға тыйым салынады
- Алкогольдік, есірткілік мас күйінде немесе денсаулық жағдайына байланысты өз міндеттерін орындауға қабілетсіз адамдардың болуына тыйым салынады.



ҚАҒИДА
4

ҚУАТ КӨЗДЕРІН ОҚШАУЛАУ




Энергия көздерін оқшаулау жұмыскерлерді электр, қысым және кернеу жабдықтары сияқты қауіптерден қорғайды.




ЖҰМЫСТЫ БАСТАМАС БҰРЫН ҚУАТ КӨЗДЕРІНІҢ ОҚШАУЛАУЫН ЖӘНЕ КЕРНЕУДІҢ ЖОҚТЫҒЫН ТЕКСЕРІҢІЗ



Мен барлық энергия көздерін анықтадым



Мен барлық қауіпті энергия көздерінің оқшауланғанын, қосылудан оқшауланғанын және тиісті таңбамен қамтамасыз етілгенін растаймын



Мен кернеудің жоқтығына көз жеткіздім және қалдық немесе жинақталайын энергияның бар-жоғын тексердім



- Кез келген қалдық қуатты (мысалы, гидравликалық немесе пневматикалық) босатпас бұрын жұмысты бастамаңыз
- Белгілі бір жұмыс түрі үшін жарамсыз немесе ақаулы жабдықтарды, механизмдерді, құралдар мен қауіпсіздік құрылғыларын пайдалануға тыйым салынады.



ОТ ЖҰМЫСТАРЫ




От жұмыстарына құрамында көмірсутектер немесе тез тұтанатын материалдар болуы мүмкін аймақта орындалатын, тұтану көзін құратын кез келген жұмыстар жатады.



ОҢАЙ ТҰТАНАТЫН ЗАТТАР МЕН ТҰТАНУ КӨЗДЕРІН БАҚЫЛАҢЫЗ



Мен өрт көздерін анықтап, бақылап отырамын



Кез келген от жұмыстарын бастар алдында:



Мен оңай тұтанатын заттардың жұмыс аймағынан шығарылғанын немесе оқшауланғанын растаймын



Мен жұмыстарды орындауға рұқсат алдым




Қауіпті аймақта от жұмыстарын бастар алдында мен:



ауа ортасын талдау орындалғанын;



газдану мониторингісі тұрақты негізде жүргізілетінін растаймын.



- Тұтану көздері ашық жалын немесе жылу көздері (дәнекерлеу, тегістеу, жанғыш сұйықтықтар, Іштен жану қозғалтқыштары, химиялық реакциялар, темекі шегу және т. б.) екенін ұмытпаңыз
- Жұмыстарды орындауға қатысы жоқ адамдарды жұмыстарды жүргізу орнына жібермеңіз.



ҚАУІПТІ АЙМАҚ



Қауіпті аймақпен байланысты қауіптер тапсырманы орындағанға дейін және орындау кезінде әрдайым анықтала бермейді (мысалы, электр желілері, құбырлар, қысыммен жұмыс істейтін объектілер, жинақталған энергия, кернеулі желілер, жер қазу жұмыстарын орындағанда шұңқырлардың әлсіз тірелген қабырғалары, жүктер орнын ауыстыру).



ҚАУІПТІ АЙМАҚҚА КІРМЕҢІЗ ЖӘНЕ ОҒАН БАСҚА АДАМДАРДЫҢ КІРУІНЕ ЖОЛ БЕРМЕҢІЗ:


Мен орналасқан жерімді келесілер болмайтындай етіп таңдаймын:

қозғалатын объектілер	көлік құралдары	қысым шығарындылары	құлайтын объектілер


Мен қорғайтын тосқауылдар мен қоршауларды орнатамын және оларды бұзбаймын



Мен бекітілмеген заттарды бекіту үшін әрекет жасаймын және заттардың құлау қаупі туралы хабарлаймын



- Қауіпті аймақта болмау үшін жұмыстарды орындау кезінде жағдайды бақылауды елемеге тыйым салынады
- Қауіпсіз жұмыс нұсқауларын бұзбаңыз және көлік жүргізушілері мен жабдық операторлары үшін өзіңіздің көрінуіңізді қамтамасыз етіңіз.



ҚАҒИДА
7


ЖҮК КӨТЕРУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Жүк көтеру жұмыстары сертификатталған жабдықты пайдалана отырып, құзыретті персонал жоспарлауы және орындауы тиіс. Жүк көтеру жұмыстарының айналасында адамдарды қорғау үшін қол жетімділік физикалық тосқауылдар мен тыйым салынған аймақтардың көмегімен бақылануы керек.



ЖҮК КӨТЕРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖОСПАРЛАҢЫЗ ЖӘНЕ ЖҰМЫС АЙМАҒЫН БАҚЫЛАҢЫЗ:



Мен жабдық пен жүктің тексерілгенін және мақсаты бойынша пайдалану үшін жарамды деп танылғанын растаймын



Мен біліктілігіме сәйкес пайдалануға рұқсат берген жабдықпен ғана жұмыс істеймін



Мен қорғау тосқауылдары мен қоршауларды орнатамын және оларды бұзбаймын, ешқашан жүктің астынан өтпеймін



- Жеке және ұжымдық қорғаудың тиісті құралдарын қолданбай жүк көтеру жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады
- Жүргізіліп жатқан жұмыстың қауіпсіздігіне байланысты туған күмәнді назардан тыс қалдырмаңыз. Теріс салдары болмайтындай етіп араласыңыз немесе жұмысты тоқтатыңыз.



ҚАҒИДА

8

ҚАУІПТІЛІГІ ЖОҒАРЫ ЖҰМЫСТЫ ЖҮРГІЗУГЕ НАРЯД-РҰҚСАТ



Жауапты адам жоспарланған жұмыстың қауіпсіз екендігіне, қорғау құралдары/ тосқауылдардың қолданылғанына, орнатылғанына және тиімді екендігіне, сондай-ақ тапсырма жұмыс жоспарына сәйкес орындалуы мүмкін екендігіне көз жеткізуі және растауы керек.



ЖҰМЫСТЫ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ НАРЯД-РҰҚСАТ БОЛҒАНДА ЖАСАҢЫЗ:



Наряд-рұқсаттың қажеттілігіне көз жеткіздім



Менің жұмысты орындауға уәкілеттігім бар




Мен наряд-рұқсаттың мақсатын түсінемін



Жағдайлар өзгерген уақытта мен жұмыстарды тоқтатып тәуекелдер/ қауіпті және зиянды өндірістік факторларды қайта бағалаймын



Мен тәуекелдер/қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың бақылауда тұрғанын және де жұмысты қауіпсіз бастауға болатынын растаймын



- Заңнамалық талаптарға және ішкі құжаттарға сәйкес наряд-рұқсат ресімдеусіз қауіптілігі жоғары жұмыстарды орындамаңыз
- Белгілі аумақ төңірегінде сигналдық ленталарсыз және (немесе) қауіпсіздік белгілерінсіз жұмыстар жүргізуге тыйым салынады.




БИІКТІКТЕГІ ЖҰМЫС




1,3 метрден астам биіктіктен құлау қаупі бар, қорғалған аймақтан тыс жерде жасалатын биіктіктегі жұмыс (мысалы, тұтқалармен қоршалмаған көтеріңкі орналасқан жұмыс алаңында) құлаудан қорғау үшін сертификатталған, сенімді бекіту нүктесіне бекітілген жабдықты пайдалануды талап етеді.

БИІКТІКТЕ ЖҰМЫС ЖАСАҒАНДА ӨЗІҢІЗДІ ҚҰЛАУДАН САҚТАҢЫЗ:

✓ Мен пайдаланар алдында сақтандырғыш жабдықты тексеремін



✓ Мен құрал-саймандар мен жұмыс материалдардың құлап түспеуіне жол бермеу үшін оларды бекітіп қоямын



✓ Мен әрқашанда қорғалған аймақтан тыс жерде биіктікте жұмыс жасағанда сақтандырғыш белдікті бекітіліп тұрған тіреу нүктелеріне іліп бекітемін



- Заттардың биіктіктен құлап кетуіне жол бермеңіз және төменде жұмыс істейтін адамдардың қауіпсіздігі үшін жұмыс аймағының астындағы физикалық кедергілерді қолданыңыз
- Қауіпсіздік белдігін және басқа да жеке қорғаныс құралдарын қолданбай биіктікте жұмыстарды орындауға тыйым салынады.